



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

*2023 жылғы 27 сәуірдегі  
ДЗ-110 сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі – ПМПК) қызметіне қатысты мынаны хабарлайды.

ПМПК деректері бойынша 2022 жылы елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар 188 144 бала анықталды (2021 ж. – 175 082 бала). Заңнамалық тұрғыдан бір ПМПК ашу нормасы 60 мыңнан 50 мыңға дейін төмендетілді. Қазіргі уақытта ПМПК желісі - 93 бірлік (2022 ж. – 86 ПМПК). 2025 жылға дейін ПМПК желісін 126 бірлікке дейін кеңейту жоспарлануда (қажеттілік – 34 ПМПК).

Жалпы білім беретін мектепке қабылдау «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – қабылдау қағидалары) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Балаларды жалпы білім беретін мектепке қабылдау қағидаларына сәйкес олардың даярлық деңгейіне қарамастан білім беру ұйымына қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады (2-бөлім, 9-тармақ, 11,12).

Сондай-ақ қабылдау қағидаларына сәйкес білім алушының ата-аналары немесе заңды өкілдері білім беру ұйымдарын білім алушының қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып және мектеп жарғысында белгіленген рәсім тәртібі мен қабылдау шарттарына сәйкес таңдай алады (қабылдау қағидалары, 1-тарау, 7-тармақ).

**ПМПК қорытындысы ерекше қажеттіліктері бар баланы жалпы білім беретін мектепке қабылдау үшін міндетті шарт болып табылмайды.**

ПМПК қорытындысының болуы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жоғары коэффициент көзделген жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаражат бөлуге кепілдік береді.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес (6-қосымша, 94-тармақ) балаларды **ПМПК-ға жіберу** міндетті шарт болып табылмайды және ата-аналарының (заңды өкілдерінің), білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының бастамасы бойынша **ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен ғана жүзеге асырылады.**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған ақпарат бойынша ерте жастағы балалардың ауру түрлерін анықтау бағытындағы шаралар жетілдірілуде. Ерте жастағы ауруларды уақытылы диагностикалаудың маңыздылығын ескере отырып, скринингті ұйымдастыру қағидалары қайта қаралды (ҚР ДСМ-ның 2021 жылғы 28 тамыздағы № ҚР ДСМ-91 бұйрығы). Жаңа қағидада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарын ескере отырып, балалардың жүйке-психикалық даму шкалаларын өзектендіру жүзеге асырылды; баланы оқыту мәселелеріне педагогтерді уақтылы тарту үшін медициналық ұйымдар мен ПМПК арасындағы өзара іс-қимыл пункттері енгізілді.

Өз кезегінде, Әділет министрлігі ПМПК-ның қызметтік бағытына қатысты өзгерістер енгізу туралы тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілген тәртіпте қарастыруға дайын екенін атап өтеміз.

ПМПК - бұл балаларды тексеруді және оларға кеңес беруді, білім алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері мен арнайы жағдайларды бағалауды, білім беру бағдарламасын анықтауды жүзеге асыратын білім беру ұйымы (6-қосымша, 92-тармақ) болып табылады. Балаға ата-анасы таңдаған білім беру ұйымы ПМПК қорытындысында ұсынылған білім беру бағдарламасын білім берудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудегі арнайы жағдай ретінде ұсынуы тиіс.

Жалпы білім беретін мектептің ПМПК қорытындысының болмауына және/немесе ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың білім алуына арнайы жағдайдың жасалмауына байланысты баланы **мектепке қабылдаудан бас тартуы заңсыз болып табылады.**

Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау жауапкершілігі білім беру



саласындағы жергілікті атқарушы билік органдарына бекітілген («Білім туралы» Заң, 2-тарау, 6-бап, 2-тармақ, 3) тармақша).

**Министр**

**Ғ. Бейсембаев**

*А.Купаев 742332*



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов,  
Республика Казахстан, KZ, IIN690603302195, БЕКТАЕВИЧ



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республика Казахстан

На ДЗ-110

От 27 апреля 20223 года

### Уважаемые депутаты!

Министерство просвещения Республики Казахстан (далее – Министерство) касательно деятельности Психолого-медико-педагогической консультации (далее – ПМПК) сообщает следующее.

По данным ПМПК в 2022 году по республике учтено 188 144 ребенка с особыми образовательными потребностями (далее – ООП) (2021 г – 175 082 ребенка с ООП). Законодательно снижена норма для открытия одного ПМПК с 60 тысяч до 50 тысяч детского населения. В настоящее время сеть ПМПК составляет 93 единицы (2022 г – 86 ПМПК). До 2025 года планируется расширение сети ПМПК до 126 единиц (потребность – 34 ПМПК).

Приём и зачисление на обучение в общеобразовательную школу осуществляется согласно Типовым правилам приёма на обучение в организации образования, реализующие общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего, общего среднего образования, утвержденным приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 октября 2018 года № 564 (далее – Правила приёма). В соответствии с Правилами приёма, приём детей в общеобразовательную школу осуществляется с обеспечением доступа обучающихся, проживающих на территории обслуживания организации образования, независимо от уровня их подготовки (глава 2, пункт 9, 11,12). Это значит, детям, проживающим на обслуживаемой

территории, не может быть отказано в приеме в соответствующую организацию образования.

Также в соответствии с Правилами приёма, родители или иные законные представители ребенка или обучающегося выбирают организации образования с учетом желания, индивидуальных склонностей и особенностей ребенка или обучающегося и в соответствии с порядком процедуры и условиями приема, прописанными в Уставе школы (Правила приёма, глава 1, пункт 7).

**Заключение ПМПК не является обязательным условием для зачисления ребенка с особыми потребностями в общеобразовательную школу.**

Наличие заключения ПМПК гарантирует выделение средств в рамках подушевого финансирования, где на детей с ООП предусмотрен повышенный коэффициент.

Согласно Типовым правилам деятельности организаций среднего образования (начального, основного среднего и общего среднего), утвержденным Приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 31 августа 2022 года № 385 «Об утверждении Типовых правил деятельности организаций дошкольного, начального, основного среднего, общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, специализированных, специальных, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, организациях дополнительного образования для детей и взрослых» (Приложение 6, пункт 94), **направление детей в ПМПК не является обязательным условием и осуществляется по инициативе родителей (законных представителей), организаций образования, здравоохранения только при согласии родителей (законных представителей).**

По представленной информации Министерства здравоохранения Республики Казахстан совершенствуются меры по выявлению заболеваний у детей раннего возраста. С учетом важности своевременной диагностики заболеваний в раннем возрасте пересмотрены Правила организации скрининга (приказ Министра МЗ РК № ҚР ДСМ-91 от 28 августа 2021 года). В новых правилах осуществлена актуализация шкал нервно-психического развития детей с учетом рекомендаций Всемирной организации здравоохранения; включены пункты по взаимодействию между медицинскими организациями и ПМПК для своевременного привлечения педагогов к вопросам обучения ребенка.

В свою очередь, отметим, что Министерство юстиции готово рассмотреть проект соответствующего нормативного правового акта о внесении изменений в служебную направленность ПМПК в случае направления его на согласование в Министерство юстиции в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

ПМПК - это организация образования, осуществляющая обследование и консультирование детей, оценку особых образовательных потребностей и



специальных условий для получения образования, определение образовательной программы (Приложение 6, пункт 92). Рекомендуемую образовательную программу должна предоставить ребенку, выбранная родителями, организация образования, как специальное условие для обеспечения качества и доступности образования.

**Отказ общеобразовательной школой в приеме ребенка с ООП из-за отсутствия заключения ПМПК и/или отсутствия специальных условий для обучения является незаконным.**

Ответственность за создание в организациях образования специальных условий для получения образования лицами (детьми) с особыми образовательными потребностями закреплена за органами местной исполнительной власти в области образования (Закон «Об образовании», глава 2, ст.6, пункт 2, подпункт 3).

Министр

Г. Бейсембаев

*А. Кунаев 742332*

